

Тұғыры биік мереке

Республика күніне арналған іс-шара кітапхана төрінде өтті



Еліміз Тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап 25 қазан – Республика күні болып тойланып келген еді. Алайда бұл күн мемлекеттік мерекелер тізімінен 2009 жылы алынып тасталды.

Ел болып бұл күнде ортақ Отанымыздың қадір-қасиетін айқындап, әлемге паш етіп, мерейлі мереке ретінде атап өтетін.

Бүгінде мерекелік күнтізбеге тұғырлы мерекеміз қайта еніп, Республика күні ерекше аталып өтуде.

Осы орайда аудандық орталық кітапхана қызметкерлері аталмыш мереке аясында дөңгелек үстел ұйымдастырды. «Менің Қазақстаным – менің болашағым» деген ұранмен өткен шараға қатысқан жастар мен Кәмшат Дөненбаева атындағы кәсіптік колледж студенттерінің қарасы көп болды.

Шараның мақсаты – оқушыларды туған жерін,



Өрелі әңгіме айтылып, маңызды мереке тойланған күн

елін, халқын ардақтап өтуге үйрету. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі – туған Отанды сүюден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту болды.

Айтулы шарада ән айтылып, киелі домбыраның күмбірлеген үні естілді. Тарихқа тоқталып, болашаққа көз жүгіртілді. Жиналған халық алдында жастарға өрелі

әңгіме айтылып, мерекенің маңыздылығы жайлы баяндалды.

Іс-шарада «Меңдіқара үні» газетінің бас редакторы баршаны мерекемізмен құттықтап, ақ тілегін білдірді. Ғаббас Жұмабаев атындағы Боровской мектеп-гимназиясының ұстазы Айдос Қостанай мерекенің маңыздылығы жайында баяндады. Ахметқазы Шотаев атын-

дағы мектеп-гимназиясының мұғалімі Дария Гилязова да тарихқа тоқталып, жиналған жұртшылықты мерекемізмен құттықтады. Жастар ресурстық орталығының басшысы Тұрсынбай Дүйсембаева кітапхана қызметкерлеріне алғыс білдіріп, жастардың еңбегіне сәттілік тіледі.

– Айтулы мерекеміздің күнтізбеге қайта енгеніне

өте қуаныштымыз. Тарихы тереңде жатқан маңызды мерекелердің бірі және бірегейі Республика күні. Бұл күн көпұлтты мемлекетіміз үшін айтулы күн, – деді Тұрсынбай Мұхтарқызы.

Қазақстан – көп ұлтты бауырына басқан, татулық пен ынтымақты ту еткен бейбіт сүйгіш ел. Қазіргі күнде елімізде 130-дан астам ұлт өкілдері тату-тәтті өмір сүруде.

Сондай-ақ, алуан түрлі ұлттың мәдениеті мен ғұрпын тоғыстырған кең байтақ өлке. Бұл Егемендігіміздің арқасында Егемендігімізден еш уақытта ажырамай, кең байтақ, дархан даласы бар еліміз көркейе берсін. Тұғыры биік мерекеміз құтты болсын.

Дайындаған
Толқын ӨТЕС